

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Екінші деңгейдегі банктердің халықаралық стандарттарға өтуінің мәселелері жөнінде" 2001 жылғы 14 ақпандағы N 32 қаулысына өзгерістер мен толықтыруды енгізу туралы

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының қаулысы 2001 жылғы 8 қазан N 384 Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2001 жылғы 13 қарашада тіркелді. Тіркеу N 1676

Екінші деңгейдегі банктердің халықаралық стандарттарға өтуінің кейбір мәселелерін реттеу мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Екінші деңгейдегі банктердің халықаралық стандарттарға өтуінің мәселелері жөнінде" 2001 жылғы 14 ақпандағы N 32 V011410_ қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

1) 3-тармақтың:

бірінші азатжолындағы "1 қыркүйегіне дейінгі мерзімде" деген сөздер "1 қазанына дейінгі мерзімде" деген сөздермен ауыстырылсын;

бірінші азатжолдан кейін мынадай мазмұндағы жаңа азатжолмен толықтырылсын:

"2001 жылдың 1 қаңтарында Ереженің 8-тармағының 8.7-тармақшасының талаптарын (шарттарын) орындамаған банктер 2001 жылдың 1 қазанына дейінгі мерзімде Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне уәкілетті аудиторлық ұйымдардың біреуінің банктің 2001 жылдың 1 шілдедегі жағдай бойынша Ереженің 8-тармағының 8.7-тармақшасының талаптарын (шарттарын) орындауы жөнінде аудиторлық есебін ұсынуға міндетті";

2) 5-тармақтағы "қазанына" деген сөз "қарашасына" деген сөзбен ауыстырылсын.

2. Осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап он төрт күн өткеннен кейін күшіне енеді.

3. Банктерді және сақтандыруды қадағалау департаменті (Мекішев А.А.):

1) Заң департаментімен (Шәріпов С.Б.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан

Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу шараларын қабылдасын;

2) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізілген күннен бастап он күндік мерзімде осы қаулыны Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің аумақтық филиалдарына және екінші деңгейдегі банктерге жіберсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ұлттық

Банкінің Төрағасы Г.А. Марченкоға жүктелсін.

Ұлттық Банк
Төрағасы

Мамандар:
Омарбекова А.Т.
Икебаева Ә.Ж.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК